

Халық қолдаған Жолдау



Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń joldaýy
Послание Президента Республики Казахстан

Биылғы Президент Жолдауы жаңа мемлекет басшысының бірінші жолдауы болып отыр. Қай азамат болмасын жыл сайынғы мемлекет басшысының Жолдауларынан өзінің мамандығына, атқарып жатқан қызметіне орай игі істердің бастамасын көруге асығатыны айдан анық. Биылғы Жолдау да халықтың ойында жүрген шешімін күткен мәселелерге арналып отыр.

Соның ішіндегі ең маңызды сұрақтардың бірі – қазақ тілінің мәртебесі. Биыл Тіл туралы заңның қабылданғанына 30 жыл. Осы жылдар аралығында қазақ тілінің мәртебесіне байланысты бірнеше игі істердің атқарылғанын бәріміз білеміз. Алайда тіл мәселесіне байланысты әлі де шешімін таппай жатқан шаруалар жеткілікті. Нақты өмірде қазақ тілінің мемлекеттік ролінің орындалуының кенже қалып қойып жатқан тұстары да баршылық. Ал оның орындалуы алдымен өзімізге байланысты екендігі ақиқат. Елбасының «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деп айтқанына да 15 жылдан асып кетті. Алайда әлі күнге дейін өзара сөйлесу барысында ресми тілде сөйлеу мәдениеті бар екендігінен

Екіншісі, әрбір Жолдауда қозғалатын – ұстаздар мәселесі. Қиындығы көп, жауапкершілігі жоғары мамандықтардың бірі де бірегейі – мұғалім мамандығы екендігін білеміз. Бұл мамандық – кез-келген адам бара алмайтын, қолы жетпейтін кәсіп болуы керек. Алайда біздің қоғамда бұл мамандыққа деген көзқарас басқаша сипатта болып отыр. «Көп болса, мұғалім боларсың» деген, менсінбей кез-келген талапкер бара беретін ескі түсініктен арылатын уақыт келді. «Алты алаштың басы қосылса, төр мұғалімдікі» деген алаш қайраткерлері айтып кеткендей мұғалімнің қоғамда өзіндік орны мен мәртебесі бар мамандыққа айналар кезі келген сияқты. «Өзгенің баласын аялап» отырған мұғалімге мемлекет тарапынан жасалатын жеңілдіктер артық етпейді. Алайда «алмақтың да салмағы бар» демекші, мұғалімнің өзіне де қойылатын талаптың күшейгені дұрыс. Оған Президенттің мұғалімнің жалақысын 25 пайызға көтеру туралы ұсынысы мен «Педагог мәртебесі» туралы заңның Парламент алдында талқылануға ұсынылуы дәлел болса керек.

Осыған байланысты біздің институтымызға мемлекет тарапынан жастар жылына байланысты биылғы оқу жылында бөлінген грант саны өткен жылға қарағанда біршама көп беріліп отырғандығын

оны қалпына келтіру қиындық туғызбайды. Ал жоғалтқан нәрсенің қалпына келуі тек уақытты ғана емес, қажырлы еңбекті, жауапкершілікті, әсіресе ұлтжандылықты талап етеді. Әрбір ұлттың мақтана алатын ұлттық жетістіктері мен жауһарлары бар. Қытайлықтар «Ұлы Қытай қорғанымен», арабтар дінімен, үнділіктер «Тәж-Махалымен», гректер ежелгі ғұламаларымен ұялмай мақтана алады. Бізде де мақтануға тұрарлық тарихи ескерткіштеріміз бен Ұлы Даланың қайраткерлері жетерлік. Өкінішке орай көпшілігіміз оларды біле бермейміз. Білмеген соң мақтана да алмаймыз.

Осы орайда институт ректоры С.Б.Қуанышбаевтың бұйрығы негізінде жастардың бойында ұлттық құндылықтарымызды дарыту мақсатында өткен жылы ашылған институт-тымыздағы «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің алатын орны бөлек. Орталықтың ұйымдастырумен бағдарламалық мақаланың барлық бағыттары бойынша ұлт рухын көтеруге арналған студенттер мен оқытушылар арасында қала көлемінде бірнеше шаралар өткізілді. «Туған жер», «Жанында жүр жақсы адам», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Қазақстандағы 100 жаңа есім» бағыттары жоғары белсенділікпен жүргізілді. Бір ғана «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа

ларысында ресми тілде сөйлеп кететініміз бар екендігін мойындауымыз керек. Басқа ұлт өкілдері «біз түсінбейтін өз тілдерінде неге сөйлейсіңдер?» деп тыйым салатын кеңестік дәуірдің кеткеніне отыз жылға тақау уақыт өтсе де, самарқау қалпымыздан әлі күнге дейін арылмай келе жатқанымыз шындық. Өз тілімізге деген құрметті алдымен өзіміз құптамасақ, өзге ұлт өкілдері сыйламайтындығы тағы бар. Бұл әрбір қазақтың ойланып жүретін мәселесі.

Президенттің қазақ тілінің мәртебесіне байланысты қабылданатын шешімдердің алдағы жылы да тоқтамай, жалғасын табатындығын басқа айтуы және болашақта орыс, ағылшын тілдері сияқты қазақ тілінің ұлтаралық тілге ие болуы туралы ойы, әріне, көз алдымызға елестету қиын болғанымен, іске асуы әбден мүмкін тарихи көзқараспен жақын уақыттағы шаруа деп есептеуге болады.

Осыған орай институтымыздағы «Тілдерді дамыту орталығы» қалалық тілдерді оқыту орталығымен бірігіп қаладағы оқу орындарының студенттерінің арасындағы өзге ұлт өкілдерінің қатысуымен бірнеше шаралар ұйымдастырып отырғанын атап өткен жөн. Қазақ тілінің мәртебесін көтеруге бағытталған жыл сайын өткізілетін «Мен қазақша сөйлеймін» атты республикалық акциясына қатысуы олардың қазақ тілін үйренуіне, оны құрметтеуіне, сол тілді сақтап отыруға ұлтқа құрметпен қарауына мүмкіндік беріп отыр.

Жылға қарағанда біршама көп беріліп отырғандығын айтып кеткеніміз жөн. Мұның өзі оқуға талпынған, білім іздеген жастар үшін үлкен көмек болып отыр. Институттың заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген екі жатақханасы олардың алаңсыз толыққанды білім нәрімен сусындауына мүмкіндік туғызып отыр.

Үшінші және менің ойымша, өте маңызды қозғалған сұрақ – Қазақстандағы ұлтаралық татулық мәселесі. Қазақстан – белгілі бір объективтік және субъективтік себептерге байланысты 130-дан аса ұлт өкілдерінің басы қосылған, бейбіт өмір сүріп келе жатқан мемлекеттердің бірі. Әрбір ұлттың менталитеті, психологиясы, дәстүрі мен мәдениеті, діні мен көзқарасы әр түрлі екендігі анық. Алайда сол ұлттардың басын бір мүддеге жұмылдырып, бір бағытта алып жүру оңай шаруа емес. Осы орайда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан Халқы Ассамблеясы үлкен маңызды және басты роль атқарып отырғанын баса айтуымыз керек. Ал бұл мәселенің дұрыс шешілуі Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласында көрсетілген бағыттармен тығыз байланысты. Рухын жоғалтқан елдің көп ұзамай өзін де жоғалтатынын адамзат тарихы дәлелдеді. Экономиканы болсын, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын болсын, бүлінсе,

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» бағыты бойынша қазақ тіліндегі жаңа 47 оқулықтың институттың кітапхана қорына түсуі студенттеріміздің әлемдік көлемдегі әдебиеттермен танысуына, олардың тілдік қорының молаюына мүмкіндік беріп отыр.

Төртіншіден, зейнетақы қорларында жинақталған ақша қаражатының бір бөлігінің пайдалануға берілуі. Қазақта мынадай мақал бар: «Бейнетіңнің зейнетін көр». Жақсы сөз, әдемі тілек. Алайда осыны нақты өмірде іске асырса екен деген халықтың тілегі орындалмай тұр. Әріне мандай теріңмен тауып, жинаған қаражатыңды болашақ ұрпағыңның қиналмай, ел қатарлы өмір сүруіне қалдырып кетуіңе болады, ол ұрпақ қамын ойлаған ата-ананың борышы әрі міндеті екендігі рас. Алайда сол қаражаттың қызығын балаң мен немереңмен бірге отырып қызықтаған тіпті жақсы болар еді.

Сондықтан, Президенттің бұл Жолдауындағы шағын бизнестің салығы туралы, жердің шетелдік азаматтарға сатылмауы туралы, жасаған қылмысына байланысты қолданатын жазаны күшейту туралы тағы да басқа мәселелерді қозғауы көңілге қонымды, жүзеге асыруға болатын шаралар деп ойлаймын.

**Р. АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ,
Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
«Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің директоры.**